

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының әкімдігінің 2020 жылғы 21 мамырдағы № 53/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 25 мамырда № 5848 болып тіркелді. Күші жойылды - Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданының әкімдігінің 2023 жылғы 6 желтоқсандағы № 106/02 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданының әкімдігінің 06.12.2023 № 106/02 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Атауы жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының әкімдігінің 19.02.2021 № 16/02 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18 және 139-баптарына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына сәйкес, аудан әкімдігі КАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының әкімдігінің 19.02.2021 № 16/02 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Жаңаарқа ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Жаңаарқа ауданы аумағындағы азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" № 32/02 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3763 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылдың 16 мамырда, 2016 жылғы 14 мамырда № 23 (9753) "Жаңаарқа" аудандық газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жасау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін

4. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жаңаарқа ауданының әкімі

Ю. Беккожин

Жаңаарқа ауданының
әкімдігінің
2020 жылғы 21 мамыры
№ 53/01
Қаулысына қосымша

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының әкімдігінің 19.02.2021 № 16/02 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Лауазым атаулары
1. Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандардың лауазымдары:	
Басқарушы персонал:	
1.	үйде қызмет көрсету бөлімшесінің меңгерушісі
Негізгі персонал:	
2.	әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант
3.	қарттар мен мүгедектерге күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер
4.	арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер
5.	халықты жұмыспен қамту орталығының басшысы
6.	халықты жұмыспен қамту орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанты
7.	халықты жұмыспен қамту орталығының ассистенті
8.	жұмыспен қамту орталығының (қызметі) құрылымдық бөлімінің маманы
Әкімшілік персонал:	
9.	бухгалтер
2. Мәдениет саласындағы мамандардың лауазымдары:	
Басқарушы персонал:	
1.	мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысы
2.	мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшының орынбасары
3.	көркемдік жетекшісі

4.	әдістемелік кабинеттің меңгерушісі
5.	кітапхананың меңгерушісі
Негізгі персонал:	
6.	әкімші
7.	аккомпаниатор
8.	музейлер қорын есепке алу архивисті
9.	библиограф
10.	кітапханашы
11.	концертмейстер
12.	дыбыс режиссері
13.	инструктор
14.	мәдени ұйымдастырушы
15.	әдістемеші
16.	музыкалық жетекші
17.	редактор (негізгі қызметтер)
18.	режиссер
19.	суретші
20.	хореограф
Әкімшілік персонал:	
21.	бухгалтер
22.	экономист
23.	іс-жүргізуші
24.	барлық мамандық шебері
25.	заң кеңесшісі
Қосалқы персонал:	
26.	жарық аппаратурасының, бейнежазба, дыбыс жазбасы операторы
3. Спорт саласындағы мамандардың лауазымдары:	
Басқарушы персонал:	
1.	мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысы
2.	мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшының орынбасары
Негізгі персонал:	
3.	әдіскер
4.	жаттықтырушы-оқытушы
Әкімшілік персонал:	
5.	бухгалтер
Қосалқы персонал:	
6.	іс жүргізуші
7.	медициналық бике

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК